



**Қоғамдық-гуманитарлық бағыты
«Экономика негіздері» пәні бойынша
оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің білім беру
бағдарламаларына түсушілер үшін ұлттық бірыңғай тестілеуге арналған
тест спецификациясы**

(2023 жылдан бастап қолдану үшін)

1. Тесттің мақсаты: Техникалық және кәсіптік білім беру түлектерінің жоғары оқу орындарында оқуын жалғастыру үшін қажетті қабілеттерін анықтау.

2. Тесттің міндеті: Жоғары оқу орындарында білім алуды жалғастыру үшін қажетті экономика негіздері пәнінің білімін меңгеру деңгейін бағалау.

В044 – Менеджмент және басқару

В047 – Маркетинг және жарнама

3. Тест мазмұны:

№	Тақырып	№	Тақырыпша	Оқыту мақсаты
01	Экономика теория негіздері.	01	Экономика және оның қоғамдағы рөлі	1. Экономика туралы ұғымды біледі. Экономиканы не үшін зерттеу керек. 2. Нарықтық экономиканың мәнін, ерекшеліктерін және экономикалық жүйе түрлерін түсінеді. 3. Тауар шаруашылығының әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктері мен ерекшеліктерін ажырата алады
		02	Экономика теориясының пәні мен әдістері	1. Экономикалық теорияның пәні мен құрылымын түсінеді және экономикалық мектептермен, олардың өкілдерімен және бағыттарымен таныс. 2. Экономикалық жүйелердің типтерін, модельдерін, экономикалық теорияның функциялары мен әдістерін, экономикалық жүйелердің типтерін, модельдерін біледі.
		03	Меншік және әлеуметтік-экономикалық құрылыс	1. Меншікті экономикалық қатынастардың үш түрінде және оның формасында біледі. 2. Меншікті құқықтық қатынастар жүйесі ретінде ажырата алады.

		04	Өндірісті ұйымдастырудың жалпы түрлері. Өндіріс және нарық	<ol style="list-style-type: none"> 1. Тауар өндірісінің алғышарттары мен мәнін, тауардың қасиеттерін біледі. 2. Құндылық теориясының мәнін, құндылық Заңының функцияларын түсінеді. 3. Өндіріс шығындарының жіктелуін және экономикалық және технологиялық тиімділіктің айырмашылықтарын ажырата алады.
02	Микроэкономика негіздері.	05	Ақша және банктік жүйе	<ol style="list-style-type: none"> 1. Ақшаның мәнін, оның пайда болу тарихын, функцияларын, ақша түрлерін біледі. 2. Банктердің түрлері мен функцияларын анықтайды. 3. Инфляцияның себептері мен инфляцияға қарсы саясаттың негізгі нұсқаларын ажыратады.
		06	Нарық және оның заңдарының қызмет етуі. Бәсекелестік және монополия	<ol style="list-style-type: none"> 1. Нарықтық экономикадағы бәсекелестіктің рөлін және бәсекелестіктің мәнін біледі. 2. Бәсекелестіктің әртүрлі модельдерін қолдана алады. 3. Нарықтық экономикадағы экономикалық тәуекелдердің себептерін анықтайды.
		07	Бизнес, әлеуметтік-экономикалық мән және кәсіпорын	<ol style="list-style-type: none"> 1. Кәсіпкерліктің негізгі белгілері мен шарттарын біледі. Кәсіпкерлік түрлері. 2. Кәсіпкерліктің ұйымдық-құқықтық нысандарын анықтайды.
		08	Жеке капиталдың ұдайы жаңғыртылуы	<ol style="list-style-type: none"> 1. Капитал ұғымы мен түрлерін, оның экономикалық өмірдегі мәні мен маңызын біледі. 2. Негізгі қорлардың негізгі ерекшеліктерін анықтайды. 3. Жаңа құнды ұлғайту тәсілдерін анықтай алады.
		09	Еңбекақы	<ol style="list-style-type: none"> 1. Еңбекті өндіріс факторы ретінде біледі 2. Жалақының ең төменгі деңгейін қамтамасыз етудегі мемлекеттің рөлін сипаттайды. 3. Нарықтық экономикадағы жалақы нысандары мен жүйелерін біледі. 4. Еңбекақы төлеу нысандары мен жүйелерін ажыратады
		10	Табыс, пайда	<ol style="list-style-type: none"> 1. Өндіріс шығындарының түсінігі мен түрлерін біледі. 2. Пайданы экономикалық

				категория ретінде біледі. 3.Пайданы көбейту ережелерін біледі. 4.Жер рентасының нысандарын анықтай алады.
03	Макроэкономика негіздері.	11	Ұлттық шаруашылықтың циклдік өсу қарқыны.	1. Экономикалық өсудің мәнін және оның түрлерін біледі. 2. Нарықтық экономиканың циклдік даму себептерін біледі. 3. Жұмыспен қамту және жұмыссыздық деңгейін анықтай алады.
		12	Ұлттық шаруашылықтың экономикалық өсу қарқыны	1. Макроэкономикалық көрсеткіштердің мәнін біледі. 2. Экономикалық өсу түрлерін анықтай алады.
		13	Нарықтық экономиканы мемлекеттік реттеу.	1.Нарықтық жүйенің артықшылықтары мен кемшіліктерін, ҚР нарықтық экономикасының дамуын ажырата алады. 2. Нарықтық экономиканы мемлекеттік реттеу қажеттілігінің мәнін біледі.
04	Бүкіл әлемдік экономика негіздері.	14	Бүкіләлемдік экономика және әлемдік нарық.	Өндірісті интернационалдандыру кезеңдері және мемлекеттердің сыртқы экономикалық қызметтегі өзара іс-қимылы түсінігін біледі. 2. Жаһандық экономиканың тұрақсыздығын анықтай алады. 3. Қазақстанның әлемдік экономикаға интеграция қажеттілігін анықтайды. 3. Елдің төлем балансы бойынша білімді қалыптастырады.
		15	Қоғам алдында тұрған негізгі экономикалық проблемалар	Қоғам алдында тұрған негізгі экономикалық проблемаларды ажырата алады
		16	Жасыл экономика	Жасыл экономиканы дамытудың негізгі бағыттарын анықтай алады

4. Тест мазмұнының сипаттамасы:

Тест «Экономика негіздері» пәні бойынша бір дұрыс жауапты таңдауға арналған 20 тест тапсырмаларынан тұрады. Тапсырмалардың мазмұны осы пән бойынша типтік бағдарламада көрсетілген тақырыптарға сәйкес келеді.

Тесттегі тест тапсырмалары базалық, орташа және жоғары деңгей бойынша күрделену ретімен орналасқан.

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: Тест 3 қиындық деңгейінде берілген тест тапсырмаларынан тұрады: бірінші деңгейде (А) – 25%, екінші деңгейде (В) – 50%, үшінші деңгейде (С) – 25%.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. Тест тапсырмаларының формасы: Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты: Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минутты құрайды.

8. Жеке тест тапсырмаларының орындалуын бағалау: тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау ҚР БҒМ 2017 жылғы 2 мамырдағы №204 бұйрығымен бекітілген ҰБТ Қағидаларының 19-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

9. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі: Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қолдануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбелері».

1. Бекмолдин С.Қ., Мәуленова С.С., Құдайбергенов Е.Қ. Экономикалық теория; Оқулық. - Алматы, 2011

2. Есенғалиева Қ.С. Экономика негіздері: лекциялар, есептер мен жаттығулар, тест сұрақтары, ойлану сұрақтары: Оқу құралы. - Алматы, 2011

3. Жолдасова Г. Экономика негіздері: Оқу құралы. 3 басылым, стереотип. – Астана: Фолиант, 2017. – 224 б.

4. Темирбекова А.Б. Экономикалық теория негіздері: Оқу құралы. - Алматы: Экономика, 2011

5. Ходжаниязова Ж.Т. Нарықтық экономика негіздері: Оқулық. - Астана: Фолиант, 2007

«**КЕЛІСІЛДІ**»

Оқу-әдістемелік бірлестігінің төрағасы

 **Байгабелов А.**

(қолы) **Т. А. Ә.**

« _____ » **2022ж.**







